

## Көлікпен жол жүру шығындарын өтеу нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2015 жылғы 12 наурыздағы № 11 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 4 мамырда № 10930 тіркелді.

**Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 20.04.2020 № 27/ке (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 73-бабының 5-тармағына, 77-бабының 4-тармағына және 78-бабының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 29.07.2022 № 44/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған көлікпен жол жүру шығындарын өтеу нормалары бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 20.04.2020 № 27/ке (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Экономика және қаржы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден кейін он күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде, мерзімдік баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйеге ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ресми интернет-ресурсында жариялауды.

3. Осы бұйрықпен Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері таныстырылсын.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Н.Әбіқаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрі

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік  
комитеті Төрағасының  
2015 жылғы 12 наурыздағы  
№ 11 бұйрығымен  
бекітілген

## **Көлікпен жол жүру шығындарын өтеу нормалары**

**Ескерту. Нормалары жана редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 29.07.2022 № 44/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Осы Көлікпен жол жүру шығындарын өтеу нормалары:

1) "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 73-бабының 5-тармағында көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлеріне (әскери, арнаулы оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларынан басқа);

2) Заңның 77-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларда әскери, арнаулы оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларына;

3) Заңның 78-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің (әскери, арнаулы оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларынан басқа) отбасы мүшелеріне қолданылады.

2. Көлікпен жол жүру шығындары жол жүру құжаттарының негізінде:

1) теміржол көлігімен жол жүру кезінде:

купе вагонының тарифі бойынша (жұмсақ дивандары төменде орналасқан, жатын вагонның қалпын реттеу құрылғысы бар отыруға арналған жұмсақ креслолы екі орынды купелері бар вагондарды қоспағанда);

жұмсақ дивандары төменде орналасқан, жатын вагонның қалпын реттеу құрылғысы бар отыруға арналған жұмсақ креслолы екі орынды купелері бар вагондардың тарифі бойынша медициналық көрсеткіштері бойынша әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелерге стационарлық емделуге барғанда әскери-дәрігерлік комиссияның жолдамасы негізінде және қызметкердің ауысуы жедел болған жағдайда:

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінде (бұдан әрі – ҰҚК) – уәкілетті басшының;

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік ведомстволарында, аумақтық және өзге де органдарында – бірінші басшының жазбаша растауының негізінде;

2) су және автомобиль көлігімен жол жүру кезінде – сол жергілікті жердегі қолданылып жүрген жол жүру құны бойынша;

3) егер елді мекеннен тыс жерде орналасса, теміржол станциясына, айлаққа, әуежайға автокөлікпен (таксиден басқа) жол жүру бойынша;

4) жол жүру билеттерін броньдау құны, сондай-ақ төсек керек-жарақтарын пайдалану құны;

5) әуе көлігімен жол жүру кезінде – медициналық көрсеткіштері бойынша әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелерге стационарлық емделуге барғанда әскери-дәрігерлік комиссияның жолдамасы негізінде және қызметкердің ауысуы жедел болған жағдайда:

ҰҚК-де – ҰҚК Төрағасының немесе оның бірінші орынбасарының не қаржы-шаруашылық қызметін бағыттаушы ҰҚК Төрағасы орынбасарының;

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік ведомстволарында, аумақтық және өзге де органдарында – бірінші басшының жазбаша растауының негізінде өтеледі.

3. Жол жүру құжаттары (билеттер) болмаған кезде шығыстар осы Көлікпен жол жүру шығындарын өтеу нормалары 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген көлікпен (әуе көлігін қоспағанда) жол жүрудің ең төменгі құны бойынша:

ҰҚК-де – қаржы-шаруашылық қызметін бағыттаушы ҰҚК Төрағасының орынбасарымен;

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік ведомстволарында, аумақтық және өзге де органдарында – бірінші басшымен келісілген қызметкердің баянаты және теміржол көлігінің плацкарт вагоны тарифі бойынша ең төменгі құны туралы анықтама (еркін түрде) негізінде өтеледі.